



Windows жүйесіндегі жұмыс істеу негіздері

● Windows жүйесіндегі жұмыс істеу негіздерінің басталу уақыты 1981 жылы MS(PC)-DOS операциялық жүйесі IBM дербес компьютерлермен бір мезгілде пайда болып, әрбір компьютерге орналастырылған болатын. MS-DOS операциялық жүйесі тек бір адамның жұмыс істеуіне арналған болатын және бір мезетте тек бір мақсатты ғана шешетін, оның үстіне MS-DOS операциялық жүйесі компьютердің тек 640 кб жедел жадын ғана (RAM) пайдалана алатын еді.

● Адам мен компьютер арасындағы байланысты ұйымдастырушы қызметін, яғни пайдаланатын негізгі интерфэйс рөлін MS-DOS жүйесінде командалық жол атқарды. Бұл жол арқылы MS-DOS жүйесі мен адам арасындағы сұхбат ыңғайсыз жүргізіледі, ЭЕМ-ді басқаруға арналған қажет жүзден астам командалар пернелерден енгізіліп барып орындалады. Командаларды жазу тәртібі өте күрделі деуге болады, кейде бір команданы орындау үшін ондаған символдарды теруге тура келеді. Осы операциялық жүйемен негізінен тек маман программалаушылар ғана тікелей жұмыс істейді де, көптеген адамдар ондай дәрежеге көтеріле алмайды. Жүйелік программалық қоршаулар негізінен компьютердің файлдық жүйесімен жұмыс істеуді жеңілдетті, яғни қажет информацияны жылдам әрі жеңіл тауып, оның мазмұнын қарауға және жұмыс істеуге өз септігін тигізді

Жоспары:

- 1.Негізгі функциялары.
- 2.Негізгі ұғымдары.
- 3.Негізгі технологиялық принциптері.
- 4.Жұмысты аяқтау.

- Негізгі функциялары
- Кез келген операциялық жүйе сияқты Windows ортасының негізгі ядросы, жедел жадты басқаратын ішкі жүйесі, файлдық жүйесі, енгізу-шығару құрылғыларымен жұмыс істейтін драйверлері, т.б. жүйелері бар.
- *Ол жұмыс кезінде мынадай мәселелердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс:*
- компьютердің барлық аппараттық құрал-жабдықтарын басқару;
- файлдық жүйемен жұмыс істеуді қамтамасыз ету;
- қолданбалы программаларды іске қосу.
- *Бұған қоса WINDOWS жүйесі:*
- бір уақытта бірнеше программалардың жұмыс істеуін;
- әр түрлі программалар арасында мәліметтер алмасуын;
- масштабталатын шрифтерді сүймелдеуді;
- мультимедия мүмкіндіктерін пайдалануды;
- біріңғай анықтамалық жүйе жұмысын қамтамасыз ете алады.

● Негізгі ұғымдары

● **Терезе** — экранның төртбұрышты қоршаулы аймағы. Онда әр түрлі программалар орындалады. Кез келген мәліметтер өңделіп түзетіледі және басқару әрекеттері жүргізіледі. Терезе шекаралары- бұл терезенің периметр бойынша өтетін тік және көлденең сызықтар. Қолданбалы программа терезесі-бұл терезеде негізгі қолданбалы программалар жұмысы атқарылады. Ол экранның бөлігін немесе оны толық алып тұра алады. Экран бетінде бір мезетте бірнеше терезе орналаса береді. Мұнда кез келген қолданбалы программаның өзіне тән жұмыс істеу терезесі болады, бірақ олардың негізгі элементтері бірдей болып жасалған. Егер терезені жбатын болсақ, дәл сол уақытқа дейін екпінді күйде болып жұмыс істеп тұрған программаың жұмысы да аяқталады.

● Кез келген терезенің белгілі бір шектеулі мөлшері болады, сондықтан информация көп болса, ол терезеге симай қалады. Мұндай жағдайда терезенің оң жақ шетінде (төменгі шетінде) айналу сызықтары деп аталатын элемент пайда болады. Бұл элементтің пайда болуы осы мезетте терезе ішіне симай сыртта орналасқан информацияның бар екенін көрсетеді.

● Экран бетіндегі программалар мен құжаттар орналасатын терезелер үш түрлі болады: толық экранды терезе, яғни терезе экранды толығымен алып тұрады;

● қалыпты күйдегі терезе, яғни терезе экранның белгілі бір бөлігін алып тұрады;

● белгіше (пиктограмма) түрінде, яғни терезе кішірейтіліп белгішеге айналып кеткен

- Негізгі технологиялық принциптері
- Енді Windows ортасының DOS технологиясында кездеспейтін кейбір технологиялық принциптерін атап өткен жөн болар.
- Жұмыс істейтін әрбір адамға арналған стандартты интерфейс. MS – DOS операциялық жүйесінде жазылған программалардың өзіндік интерфейсі болған еді, олар: меню жүйесі (көлденең, сырғып түсетін, қалқып шығатын, иерархиялық), сұхбаттасу тәсілдері (мәліметтер енгізу, варианттарды таңдау) және т.б.
- Мұндай тәсіл жаңа программаларға көшкен сайын әрбір адамға қайтадан оқып-үйрену қажеттілігін туғызатын. Бірақ көптеген ірі фирмалардың программалық өнімдернің бәрінде де тұрақты пайдаланылатын тұрақты пайдаланылатын тұрақтыарасында алшақтық жетіп артылатын. Ал Windows жүйесінде көптеген іс-әрекеттер программалардың әр түрлілігіне қарамастан біртектес командалар арқылы орындалып, бірдей терезелер көмегімен өңделетін болып, ортақ технология іске асқанын практика жүзінде көрсете білді. Бұл принцип бойынша графикалық технологиядағы көптеген операцияларды орындау үшін тышқан сілтемесі экран элементіне апарып, оның сол немесе оң батырмасын шерту жеткілікті.
- Бұл тәсілмен төмендегі әрекеттерді орындауға болады: программа немесе құжат терезесінің аумағын кішірейту, үлкейту және бұрынғы қалпына келтіру;
- көлденең орналасқан меню командаларын таңдау;
- экранға шығатын меню командаларын таңдау;
- аспаптар тақтасы командаларын таңдау;
- мәліметтері бар тізімнің бір жолын белгілеу;
- командалық батырманы басу, таңдау;
- ауыстырып қосқыштың мәнін өзгерту;
- мәтіндік информацияны енгізу кезінде курсордың орналасу өзгерту;
- мәтін енгізілетін өріс жолдарының бірін таңдап, оған мәлімет енгізу және көптеген басқа әрекеттер

- Жұмысты аяқтау
- MS (PC) DOS жүйесінде немесе сол тәрізді басқа операциялық орталарда компьютерді сөндіру ісі оп-онай орындалады, оның ток келетін қосқышын ажыратса болатыны. Бұл мезетте кейбір программалар жұмысын істеп жатса істеп жатса да, бұлай ағыту ешқандай келеңсіз жағдай тудырмайды.
- Ал Windows жүйесімен жұмыс істеу барысында компьютерді өшірмес бұрын мынадай әрекеттерді жұмыс істеу барысында компьютерді өшірмес бұрын мынадай әрекеттерді орындау қажет.
- жұмыс істеп тұрған программаларды жабу (аяқтау);
- Windows шығып жұмысты аяқтау ісін орындау..
- Тек осыдан кейін компьютер өшіріледі Неге бұлай? Windows жүйесі компьютер құрылғыларын толық пайдаланып оларды толық басқарып отырады. Бұл сәттерде Windows уақытша пайдаланылатын файлдарды типі ТМП болып келетін файлдар) жасап алады. Windows жұмысты дұрыс аяқтаса ол файлдар өз-өзінен жойылады. Егер жұмыс жұрыс аяқталмаса ол файлдар дискіде сақталып қалып, біраз орын алып тұрады.
- Сондықтан Windows жүйесінің тұрып жұмысты аяқтау үшін мынадай әрекеттер орындалуы тиіс. Бұл батырма бастапқыда тіктөртбұрышпен қоршалып белгіленіп тұрады бұл оның үнсіз келісім бойынша таңдалып тұрғанының белгісі Енді Enter пернесін бассак компьютер сол батмаға с Windows 95 жүйесінде сәйкес программаны орындайды.







Программалық жабдықтама

Жоспар:

1) Программалық конфигурация-
программалық жабдықтаманың
құрамы.

2) Қолданбалы программалық
жабдықтау.

3) Қолданбалы программаның
дестелері.

4) программалау құралдары.

5) программалық жабдықтау

● Программалар — бұйрықтардың жалғасуының тәртіпке келтірілуі. Барлық компьютерлік программаның ақырғы мақсаты — аппараттық құралдармен басқару. Сондай-ақ бір қарағанда программа құрылғылармен бірге әрекет етпесе де, және енгізу құрылғыларынан енгізу мәліметтерін талап етпесе де, сонымен бірге шығару мәліметтерін шығару құрылғыларына орналастырмаса да, бәрібір оның жұмысы компьютердің аппараттық құрылғыларын басқаруға негізделген. Компьютерде программалық және аппараттық жабдықтаулар тығыз байланыста, сонымен бірге үздіксіз бір әрекетте жұмыс істейді. Бұл екі категорияны біз екі бөліп қарағанымызбен, бұл екеуінің арасында диалектикалық байланыс бар екенін ұмытпауымыз керек, оларды бөліп қарауымыз уақытша деп білуіміз керек.

Есептегіш жүйенің программалық жабдықтау құрамын программалық конфигурация деп атайды. Программалар арасында да, физикалық тораптар мен одақтар арасындағыдай байланыс болады- көп программалар көп төмен дәрежедегі программаларға арқа сүйеп жұмыс істейді, яғни программа аралық интерфейс туралы айтуға болады. Ондай интерфейстің бар болуы, техникалық жағдайлар мен бір әрекетті протоколдардың болуына байланысты, ал іс жүзінде программалық жабдықтаудың бір-бірімен бірге әрекет ететін дәрежелердің бөлінуін қамтамасыз етеді.

Қолданбалы программалық жабдықтау- қолданбалы программа дестелері мен қолданбалы программаны пайдаланушылардан құралған. Қолданбалы программалық жабдықтауда-пайдалану жағынан мәселе-анықтайтын, жалпы тағайындау дестелері және шоғырлану дестелерінен тұратын қолданбалы программалар дестелері үлкен орын алады. Мәселе-анықтайтын ҚПП айырым белгісі болып олардың белгілі бір есептің шешіміне аз ғана беталысы және олардың үлкен алуан түрлілігі. Шоғырлану ҚПП аспаптық құралдардан тұрады және олардың әрқайсысы функционалдық, есептегіш қабілеттеріне қарай мәселе-анықтау программасына тепе-тең болады. Шоғырлану дестелерінің пайдаланылу аумағы болып негізінен экономикалық орталар саналады. Бұл дестелер құрамында басқару модулдері қаралған, қосымшалардың бір-бірімен қосылуын және ортақ мәліметтерді жанжалсыз пайдалануды қамтамасыз етеді. ҚПП пайдаланушы шығаратын есептерді автоматтандыруда мықты құрал болып табылады, іс жүзінде ақпараттарды ауыстыруда машинаның әртүрлі істерді қалай атқаратынын білдірмейді. ҚПП қазіргі заманғы есептеу жүйелерін программалық жабдықтауды дамытуда басты міндеттер атқарады, есептегіш құралдарын әртүрлі пайдалану орталарына енгізуді тездетеді және оңайлатады.

Қолданбалы программалар-программалық құралдарын іске қосу арқылы пайдаланушымен жасалады. Бұл жағдайда программаны жасау қолданбалы программалық дестенің пайдалану шектеуіндегі тәртіптер мен келісімдерге сәйкес, әрбір пайдаланушымен жеке дайындалады.

Қолданбалы программаның дестелері.

Программалық құралдың берілген классы көріністі, яғни барлық сферада компьютерлік техника құралының кең қолданылуымен, әр түрлі пәндік облыстағы автоматтандырылған ақпараттық жүйені құруымен себепші болды.

Мәселелік-бағдарланған ҚПП. Бұл программалық азықтың ең көрсеткішті класы, яғни ішінде әртүрлі белгілері бойынша классификация жүреді:

- Пәндік облыстағы типтерге;
- Ақпараттық жүйелерге;
- Функцияларға және тапсырманың комплекстеріне, яғни программалық әдіспен қалыптасатын, және т.б.

Кейбір пәндік облыстар үшін алгоритмді өңдеу мен деректерді структурамен басқару функциялары мүмкін болады. Бұл бірдей функциональдық белгілену ҚПП маңызды санын жасауды шақырады, осылайша программаның азық нарығы құрылады:

- Автоматтандырылған бухгалтерлік есепке алу ҚПП;
- Финанстық ҚПП;
- ҚПП-ның дербес басқарылуы (кадрлық есеп);
- Материалдың артық басқарудың ҚПП;
- өндірісті басқару ҚПП;
- банктік ақпараттық жүйелер және т.б.
- Мәселелік-бағдарланған программалық құралдың даму облысындағы негізгі тенденциялар:
 - басқарушылық қолданушыдағы автоматтандырылған жұмыс орны (АЖО) түріндегі программалық комплекстердің құрылуы;
 - клиент-сервер архитектурасымен бір тұтас программалық комплекске АЖО-ны біріктіретін есептеуіш желі мәліметінде пәндік облыстағы басқарудың жинақталған жүйесін құру;
 - ЭЕМ желісінде мәліметтер қоры орналасқан түрдегі үлкен ақпараттық жүйенің деректер ұйымы;
 - Мәліметтер қорына сұраныс үшін соңғы қолданушының барлық қарапайым тілдік құралы;
 - Соңғы қолданушының күшімен өңдеу функциясының баптауы (программалаушының қатысынсыз);
 - Программа мен деректерді қорғау қатынаудан (деректердің функция деңгейінде, жұмыс режимінде паролдық қорғаныс)

Программалық өнімнің берілген кластың көрсеткіштері:

1. МҚ-мен басқарудың үстелділік жүйелері (МҚБЖ), ұйымды қамсыздандыратын және автономды жұмыс істейтін компьютерде локальды МҚ-ның сақталуы немесе файл-серверде МҚ-ның орталықтандырылған сақталуы және оларға желілік қатынау.

2. Есеп беру генераторы-программа құралының дамуының өзіндік бағыты, яғни сұраныстардың қалыптасуын қамсыздандыратын және желі шартында клиент-сервер архитектурасымен баспалық немесе экрандық түрде есеп беруін қалыптастыру.

3. Мәтіндік процессорлар-құжатты автоматты форматтау, суреттелген объектілердің қойылуы және графиктердің, орфографияны тексеру, құжаттың үлгісін дайындау.

4. Кестелік процессор-соңғы қолданушының күшімен есептелуі үшін ыңғайлы ортасы болып табылады; іскерлік графиктер жабдығы, мамандандырылған өңдеу (құрамдас функциялар, МҚ-мен жұмыс, статикалық деректерді өңдеу және т.б.).

5. Презентациялық графиктер жабдығы-мамандандырылған программалар, бейнелеуді құру және олардың экранда көрсетілуі, слайд-фильм, мультфильм, видеофильмдерді дайындау және оларды редакторлау үшін арналған. Презентация диаграмма мен графиктердің көрсетілуін қосуы мүмкін, презентациялық графиктердің барлық программалары слайд-шоуды дайындау үшін және мультимедиа презентациясын дайындау үшін программалар шартты түрде бөлінеді. Презентация көрсету жоспарының алдын-ала құрылуын талап етеді. Әрбір слайд үшін жобалау орындары: слайд мазмұны анықталды, өлшемі, элементінің құрамы, оларды безендірудің жолы.

6. Жинақталған дестелер-бірнеше программалық азықтың жинағы, яғни бір-бірін функциональды түрде толықтырған, ортақ есептеуіш және операциялық платформада қалыптасқан ақпараттық технологияның біртұтастығын қолдайтын.

● Жинақталған дестелердің компоненттері:

- МҚБЖ;
- Мәтіндік редактор;
- Кестелік процессор;
- Органайзер;
- Электронды поштаны қолдау жабдығы;
- Презентацияны құру программасы;
- Графиктік редактор.

Жинақталған дестенің қолданушылары интерфейстің әртүрлі компоненті үшін үйлестіруші болады, оларды ұғынудың салыстырмалы жеңіл процесі қамсыздандырылады.

Программалық құралдың берілген класындағы айырмашылық ерекшеліктері болып табылады:

- Соңғы қолданушылар үшін ақпараттық технологияның толықтығы;
- Барлық программалар үшін соңғы қолданушының бір типті интерфейсі, яғни жинақталған дестенің құрамына кіретін-ортақ командалар менюде, стандартты пиктограммалар, стандартты тұрғызу және диалогтық терезелермен жұмыс және т.б.
- Жинақталған десте программасы үшін ортақ сервис (мысалы, сөздік және орфография құралы емлені тексеру үшін, диаграмманы тұрғызушылар, деректер конверттері және т.б.);
- Айырбас жеңілдігі және объектілерге аударылуы, яғни жинақталған дестенің программамен құрылған екі әдіс қолданылады: DDE-динамикалық деректермен алмасу және OLE объектілермен динамикалық құрастыру объектілер тасымалы (drag-and-drop әдісімен);
- Қолданушылар программаның макрокомандасын құру үшін тілдік платформаның біртұтастығы бар;
- Құжатты құру мүмкіндігі, яғни жинақталған десте құрамына кіретін, өзіне әртүрлі программа мүмкіндігін жинақтайтын.
- Жинақталған дестелер көп қолданушылар желісінде топтық жұмыс кезінде тиімді. Қолданушы болатын қолданбалы программадан құжатты және деректер файлын басқа қолданушыға жіберуге болады, сонда объектілер түрінде жөнелту стандарттары желі бойынша немесе электронды пошта арқылы қолдайды.



MS DOS операциялық жүйесі

Жоспар:

1. MS DOS ЖӘНЕ NORTON COMMANDER

MS DOS операциялық жүйесінің негізгі мінездемесі.

2. MS DOS-та каталогтармен жұмыс.

3. COPY – файлдың көшірмесін алу командасы.

4. COPY CON – мәтіндік файл құру командасы.

5. MSDOS-та дискілермен жұмыс.

6. PCпрогрммасына жалпы түсінік.

7. Norton Commander: каталогтармен , файлдармен және файлдармен жұмыс

MS DOS операциялық жүйесін 1981 ж. Microsoft фирмасы IBM PC компьютерлері үшін IBM фирмасының тапсырысымен дүниеге әкелді. DOS – дискілік операциялық жүйе.

MS DOS операциялық жүйесі пайдаланушылармен компьютер арасындағы байланысты орнатуға, компьютердің құрылғысынан өнімді пайдалануға жағдай жасайды. MS DOS операциялық жүйесі келесі бөлімдерден тұрады:

- 1.Енгiзiп шығарудың базалық жүйесi (BIOS) – енгiзiп-шығару құрылғыларының жұмысын тексеретiн программаларды қамтиды. Бұл программалар компьютердiң тұрақты жадында сақталады.
- 2.Жүйелiк файлдар (BIO.SYS, IO.SYS, MSDOS.SYS) – BIOS жүйесiнiң жұмысын толықтырушы бөлiм. Ол сыртқы құрылғылар мен информацияны алмастырудың барлық операцияларын да орындайды.
- 3.COMMAND.COM – қолданушының программалары мен берiлгендердi жадқа енгiзу және оларды өңдеу.
- 4. CONFIG.SYS – үйлестiрушi программа. Оның қызметi – жаңадан қосылатын сыртқы құрылғылардың драйверлерiн MS DOS-қа қосу, орыс, қазақ әрiптерiн пайдалану, пернетақтаның функционалды пернелерiмен және виртуалды жаппен жұмыс iстеуiн ұйымдастыру.
- 5.AUTOEXEC.BAT – шақыру символын экранға шығару, қажеттi программаны каталогтан iздеу, ағымдық ай, күн және уақытты көрсету.